

логия ұстанған қатаң қағидалардың тар шеңберінен шығып, ой еркіндігі мен сөз еркіндігінің арқасында жана бір белеске көтерілді. Оған тәуелсіздік жылдарында жарық көрген ғылыми зерттеулер дәлел бола алады. Соның бір айғағы ретінде Абай институтының хабаршысында жарияланған мақалаларды атауға болады.

1. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы, 1986. – 400 б.
2. Дәдебаев Ж. Абай және Құран // Абай институтының хабаршысы. – Алматы, 2010. №5. 3-13 бб.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны// Абай институтының хабаршысы. – Алматы, 2010. №4. 6-10 бб.
4. Дулатов М. Ибраһим ибн Құнанбаев// Абай институтының хабаршысы. – Алматы, 2010. №5. 91 б.

5. Әуезов М. Абайдың өнері һәм қызметі // Абай институтының хабаршысы. – Алматы, 2010. №6. 67-69 б.

6. Тарақов М. Гете – Лермонтов – Абай: ой мен сезім үндестігі// Абай институтының хабаршысы. – Алматы, 2010. №5. 13-15 б.

7. Дәдебаев Ж. Абайдың ақындық дүниетанымы// Абай институтының хабаршысы. – Алматы, 2010. №3. 3-12 бб.

\*\*\*

В статье рассматривается обсуждение литературных дискуссий о проблемах абаеведения, опубликованных в Вестнике Института им. Абая.

\*\*\*

In this article some problems of Abai study and the materials published in “the Vestnik of Abai institute” are analyzed.

## Г. Қ. Қазыбек

### А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ-АУДАРМАШЫ

Арада елу жылдан астам уақыт өткен соң саяси жағынан да азаматтық тұрғыдан да толық ақталып, туған халқымен қайта табысқан қоғам қайраткерлерінің бірі – Ахмет Байтұрсынов.

Тұтас буынның төл басы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынов қалдырған бай мұраның бір саласы – оның көркем аударма дамуына үлесі.

Қазақ әдебиетіндегі көркем аударма тарихы бай екендігі мәлім. XX ғ. бас кезінде аудармада, әсіресе орыстың классикалық әдебиеті үлгілерін қазақ тіліне аудару ісінде едәуір тәжірибе жинақталған еді. Сонау Абай мен Ыбырай тәжірибелерінен басталған бұл игі дәстүр Ақылбай мен Мағауия Құнанбаевтар, Шәкәрім Құдайбердиев, М.Сералин, Б.Өтетілеуов, Ғ.Қарашев аудармаларының, газет-журналдардағы тәржімалармен толыға түскен. Енді бір топ ақын-жазушылар – А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жүмабаев, М.Дулатов Шығыс пен Батыс елдерінің әдебиеттер үлгілерін, орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға көп қызмет етті.

А.Байтұрсынов алғаш рет аударма жинақ бастыру ісін бастаушы болды. Ахметтің ақын ретінде ең әуелі аударма арқылы танылды. Ол орыстың классикалық жазушысы И.А.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен Санкт-Петербург

1909 жылы императорлық ғылыми академиясының баспаханасында жеке кітап етіп шығарды. Бұл И.А.Крылов шығармаларының қазақ тілінде, тіпті Орта Азияда десе де артық емес, тұңғыш жеке кітап болып бастырылуы еді.

А.Байтұрсынов «Қырық мысал» жинағына жазған «Замандастарыма» деген кіріспесінде аударманың мән-мақсаты, дәуір дүбіріне ілесу ниеті, қиындық жағдайларда орындағаны туралы айта келіп, былай дейді:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,  
Әзірге қолдан келген осы барым  
Қанағат азға деген, жоққа сабыр,  
Қомсанып қоңырайма, құрбыларым!

Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,  
Күй қайда үздік шығар топты жарып.  
Ат тұрмас аяғында желі болса,  
Дүсірлеп шапса біреу кiku салып.

Бар болса сондай жүйрік қоуар деймін,  
Естілсе құлағында дүбір барып.  
Әйтпесе арық шауып ондырар ма,  
Жүргенде камыт басып, қажып-талып.

«Қырық мысалды» Мұхтар Әуезов «қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» - деп бағалаған еді.

Крыловты кезінде Абай да аударған. Байтұрсыновтай көп емес, академиялық жинақта Абайға телініп жүргендері 12 мысал. Бірақ, Байтұрсынов аты атаусыз қалып, оның әдеби мұрасына тыйым салынған кезде, Крыловтың аудармашысы ретінде тек Абайды ғана білдік. Сондықтан Абайдың кейбір басылымдарына Ахмет

аудармалары кіріп кеткен кездері болды. Бірақ, мәселе мұнда емес. Біз үшін ең қызықтысы, ең мәндісі – бірін-бірі білмей, Крыловты өздігінен аударған екі данышпанымыздың өлең стилі, сөз өнері бөлек болуы. Аудару принциптері де қазақтың тосан құлағына етене еніп, жеткізу шеберліктері де айна-қатесіз бірдей десе де болады. Түпнұсқа мазмұнынан ауытқымай, соны өз сөздерімен жеткізуге емін-еркін тырысқан екі ақынның орысшасындағы көркемдік бөлшектерді түсіріп алмай, соншалықты ұқыпты беруге ұмтылған ұқсастығына қайран қаласың. Мысалы, Крыловтың атақты «Қарға мен түлкі» атты мысалын Абай екі рет аударған. Екеуінің өлең өлшемін де, көлемі де бірдей. Бірі – жеті, бірі – сегіз буынды жыр үлгісінде. Ал, Ахмет Байтұрсынов он бір буын қара өлеңмен төрт жолдық шумақтар арқылы баяндайды.

«Ну что за шейка, что за глазки,  
Рассказывать – так, право сказки!  
Какие перышки! Какой насок!  
И, верно, ангельский быть должен голосок!»

Осы шумақ Абайдың екі нұсқасында былай:  
I-нұсқада

«Неткен сойын, неткен көз,  
Осыдан артық дейсің бе  
Ертегі қылып айтқан сөз  
Қалайша біткен япырмай.  
Мұрныңыз бен жүніңіз!  
Періштеңің үніндей  
Деп ойлаймын үніңіз...»

II-нұсқада

«Есен-сау жүрсіз бе  
Ақынның төресі?  
Көп жерден белгілі  
Тегін күс емесі  
Жүніңіз, үніңіз  
Мұрныңыз, көзіңіз,  
Құлаққа дөп тиген  
Мақталған кеңесі...»

Ал енді А.Байтұрсынов аудармасына үңілейік:

«Тамаша қарағанға түрің қандай,  
Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай.  
Гауһардай қанаттарың жарқырайды,  
Келісті қалай біткен және маңдай»

Крыловтан тәржімә жасау Абай шығармашылығының соңғы кезеңдеріне жатады. Демек, Абай немен аяқтаған болса, Байтұрсынов дәл содан бастады деуге, яғни Абай эстафетасын Ахмет жалғастырады деуге толық негіз бар.

Сонымен қатар, бұл жинақта орыс әдебиетінде мысал жанрын қалыптастырушылар-

дың бірі И.И.Химинцердің «Ат пен есек» шығармасы қазақшаға аударылған. Онда көтерілетін мәселелердің, айтылатын ойлдардың салмақтылығына, қазақ ақыны қатты бөлген.

Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет-жақын суреттерді ұластыра келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберген.

Мысалы:

«Когда в товарищах согласья нет  
На лад их дело не пойдет.  
И выйdet из него не дело, только мука.  
Однажды Лебедь, Рак, да Щука,  
Везти с поклажей воз взялись.  
И вместе трое все в него впряглись  
Из кожи лезут вон, а возу все нет ходу!  
Поклажа бы для них казалась и легка.  
Да Лебедь рвется в облака,  
Рак пятится назад, а Щука тянет в воду  
Кто виноват из них, кто прав, - судить не нам  
Да только и ныне там»

Аққу, Шортан һәм Шаян  
Жүк алды Шаян, шортан, аққу бір күні,  
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.  
Тартады аққу көкке, шаян кейін,  
Жүлқиды суға қарай Шортан шіркін.  
Бұлардың машақаты аз болмады,  
Жұмысы орнына кеп мез болмады.  
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,  
Асылы, жүк орнынан қозғалмады.  
Оншама ол жүк артық ауыр емес,  
Құр сырттан «пәлен» деу де тәуір емес.  
Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр,  
Бірыңғай тарпаған сон бәрі тегіс.  
Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.  
Бірінің айтқанына бірің көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

Аудармада мін, жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп төгіліп тұр. Орысшасында үш шумақ – он екі жол. Тәржімасында бір шумақ артқан. Одан мағынасына өзгеріс кірген жоқ. Ой қазығы болатын бөлшектері түгел жалғыз-ақ айырмасы – крыловтың көп мысалдардағыдай, түпнұсқаның бас жағында жүретін кіріспе шумақты А.Байтұрсынов соңына шығарып қорытынды етеді.

«Маймыл», «Өгіз бен бақа», «Емен мен шілік», «Бұлбұл мен есек», «Қаптесер мен көртышқан», «Маймыл мен көзілдірік», «Шал мен ажал» секілді мысалдарды аудару – машығы жағынан осы бірінші принциптің жемісі. Мәселен, «маймыл» атты мысалдың аудару принциптері де діл жоғарыдағы «Аққу, шортан һәм шаяндағыдай»: Крылов төрт жолдық кіріспесіндегі аяғына шығарылады да, қалған мазмұны қазақтың қара өлеңімен хикаялау түрінде дәл және емін-еркін жеткізеді.

Түпнұсқада:

Крестьянин на заре с сохой

Над полосой своей турдился – деп басталса,

Аудармада:

Жер жыртты ерте тұрып қарашекпен,

Қашаннан кәсібі еді егін еккен, -

деп дәл сол күйінде қайталанады да әрі қарай оқиға өз ретімен баяндалып кете береді. Тағы бір таңғажайып тапқырлыққа осы тұста және кездесеміз. Диканшының еңбегіне еңбегіне көрген жұрттың сүйсінетінін жеткізерде Крылов түбі грек тілінен ауысқан, сөйтіп орыс тіліне кірігіп кеткен «исполать» дейтін бір ескі сөзді қолданады. Бұл орыстың байырғы тілінде «молодец» деген мағынаны береді.

Зато кто мимо ни проходить,

От всех ему: спасибо, исполать.

Орыс тілін жетік білген тәржімашы осы сөздің қазақша дәл мағынасын былай деп сол қалпында жеткізеді.

«Жарайды, бәрекелді, сабаз-ай!» деп,

Алғысты берді оған өткен-кеткен»

Осы жердегі «сабаз-ай» деген бір сөздің өзі Крылов мысалының бүкіл рухын, бүкіл ұлттық қасиетін түп-түгел қазақшалап, қыр елінің қалың ортасына дәл сол қалпында алып келіп тұрғандай қабылданады. Дәлдігі осындай болғанда, жатықтағы да айрықша дәлелдеп жатуды қажет етпейтіндей болып, Байтұрсынов ақындығының барлық ерекшелігімен, мейлінше табиғи болмыс-бітімімен, ұлттық ой-өрісінің шеңберінде үйлескен, ұйқасқан қисын-қиюымен әрбір қазақ оқырманының көңіліне ұялап қалып жатты.

Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Мысалы, «Шал мен ажал» атты мысалдағы әбден шаршап-шалдыққан зарыққан дағы шалдың монологы:

«Куда я беден, боже мой!

Нуждаюсь во всем; к тому же жена и дети,

А там подушное, боярщина, оборок,

И выдался и когда на свете

Хотя один мне радостный денек?»

«Мен сорлы, әрі кәрі, әрі жарлы,

Асырау қиын емес үйлі жанды.

Қартайдым, жалданарға қайратым жоқ,

Бермеді тұтынарлық құдай малды

Бұл маған не қылғаның, жаратқаным,

Бір шалға үйлі жанды қаратқаның?

Төлермін салық ақша қайдан тауып,

Қажетім бірін сай ғып жаратпадың.

Не жаздым құтқармастай бұл бейнеттен,

Күнің жоқ тілегімді қабыл еткен.

Біреу кеш, біреу ерте өліп жатыр,

Келмейді маған ажал, қайда кеткен?»

Бұл жолдардағы «үйлі жан», «бермеді құдай малды», «жаратқаным» деген тіркестер тек қана қазақ психологиясына тән ұғымдар екенін дәлелдеп жатудың өажеті болмас.

Сонымен қатар түп негізі Федерден алынған Крыловтың он жылдық «Шымшық пен Көгершін» мысалы ақын аудармасында 11 буынды, 8 шумақ, яғни отыз екі жолды жаңа шығарма. Түпнұсқаның мазмұны, бір-ақ ауыз сөзбен айтқанда «Күлме досыңа, келер басыңа». Ақын бұл жерде айтайын деген ойының аясына кеңейтіп, түпнұсқадағы мысалдың жүгін әдейі ауырлатып отыр. Мұндай тәсіл барған сайын тереңдеп, кенейе түседі. «Жарлы бай» деген мысалда қолында дәулет жоқ кезде жомартсынып, өзі сол байлыққа ие болған күні дереу ындынды бұзылып кететін тойымсыздықты суреттегенде, оның әсерін күшейте түсу үшін аудармашы оқиға желісін оқырман түйсігіне әлгіден жақындатып әкеледі.

Крылов кедей адамның бай болсам бүйтер едім деген қиялын былай жеткізеді.

«Нет, если мне далось богатство не удел,

Не только бы рубля – я бы тысяч не жалел.

Чтоб жить роскошно, пышно,

И о моих мерах далеко б было слышено»

Ал, Байтұрсыновта ол былай болып келеді:

«Дариға! Мен бай болсам жұрттан асқан,

Үйлерді салдырар ем қандай тастан!

Сол түгіл мыңын бірден жұмсар едім,

Аямай нелер киім, ішер астан.

Жылқымды, қымызымды, қойымменен

Жұмсар ем қонағыма тойымменен.

Жұртымның жабықтырмай көңілін ашып,

Күнде той, қызық, ойынменен»

Мұнда ақын нағыз қазақ ұғымындағы шалқыған тұрмысты малмен, қымызбен, ағыл-тегіл қонақасымен, той-томалақпен байланыстыра суреттейді. Аудармашы негізгі түпнұсқа текстіне орайластырып, көркем ойға ой, суретке қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын әуез қосып отырады.

Сонымен қатар «Маса» жинағының 1911 жылғы алғашқы басылымында Пушкиннен аударылған «Ат», «Данышпан Олегтің ажалы» атты өлеңдер, және «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш» ертегілері енгізілген. Бұлардың бәрі де жоғарыда айтылғандай, оның романтикалық сарында жазылған сюжетті өлеңдері мен аңыздары, ертегілері. Бұлардың кейінірек аударылып, 1922 жылғы енгізілген «Мцири» поэмасының үзіндісі де осылармен іштей үндесіп жатқанын аңғару қиын емес.

Бұл жерде айтпағымыз – А.Байтұрсыновтың тәржімашылық тәжірибесінде ерлікті, еркіндік-

ті, отаншылдықты сезіну, таза сүйіспеншілікті жырлайтын шығармаларды аударуға бейім болғанын аңғарту.

Қорыта келгенде, А.Байтұрсынов – ағартушы, ғалым, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде қандай ірі тұлға болса, ақындық өнерде де қайталанбас орны бар, туған әдебиетімізде тұтас бір дәуірде бейнелейтінт кесек бітімді дарын иесі. Өз өмірін туған халқының бостандығы мен бақыты жолындағы күреске түгелдей бағыштаған азамат ақын бойындағы табиғи талантын ең алдымен осы жолда қару етіп пайдаланды.

Мысалдың арқауы – хикая, көздейтін нысанасы – соның ішіндегі мәні, ал қолданылатын қаруы – әжуа мен мысқал. Ахмет те пайымды практикалық рухты дарыту үшін мысалдың мазмұнын Крыловтан алады дв, уытты қаруды өз халқының даналығынан, ана тілінің ішкі

мүмкіндігінен іздестіреді. Ол өз таңдаушысының ұзын ырғалы қиссаға дағдыланған құлағына бейімдеп, әр хикаясын тәптіштеп, егжей-тегжейлі баяндау машығын ұсынды.

Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, айтушысы Крылов болғанда, жеткізушісі Байтұрсынов болғандықтан да «Қырық мысал», «Маса» сияқты жинақтардағы аудармалар қыр еліне қыдыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруындай сінді.

1. А.Байтұрсынов. “Ақ жол” Өлеңдер мен тәржімелер публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. Алматы, “Жалын” 1991. 340-425 б.

2. Әбдиманов Ө. “Қырық мысал” - төл туынды // Алматы ақшамы. - 1992. 4 наурыз.

3. Ұлттың ұлы ұстазы. (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады). Алматы – 2001. 68-82 б.

## Қ. Мәдібай

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ: КӨРКЕМДІК ӨРІС

Жазу бағыты, даралық мәнер, машық тұрғысынан келгенде, Серік Асылбекұлының қадап-қадап айтар шығармашылық қыр-сыры айқын. Оның әңгіме, баяндары өмірдің сәулелі болмысын, бағзы құндылықтарды, адамның жаратылыстан дарыған артық қасиеттерін арқау етуімен, кейіпкерлерінің қарапайым күйбең әрекет-харекетінің мазмұнындағы мығым отансүйгіштік, ұлтжандылық негіздерімен ерекшеленеді. Серік Асылбекұлы – жарық дүние сұлулығына тойымсыз құштарлықпен ынтық адам атаулының жан әлеміндегі артықшылықтар мен осалдықтарды қысқа қайырымға қыруар құбылыс сыйғызып, қамтып «жеңіл жазудың» классикалық үрдісі бойына сіңген жазушы. Серік Асылбекұлы алғашқы шығармаларын жаза бастаған уақытта орайы келген, қолайлы көрген әдіс-тәсілдерін ұдайы шындап, үздіксіз негіздеп отыруымен көркемдік кеңістігін кеңітті. Нұр құйылған жарық әлем, дүние болмыстың құшағындағы адам тағдырын ұлттық құндылықтар ауқымында шығармашылыққа ұластырудың өзіндік тәсілдерін тапты.

Серік Асылбекұлының әңгіме, баяндарындағы таныс – бейтаныстардың, негізінен, арғы қазақтық дінгеі берік болып келеді.

Кейіпкер болмысын жеткізуде Серік Асылбекұлы ұғымы ұлы Жаратқан Иеге ғана аян тылсым дүниелерді билеп-төстеуге әуес емес. Оның шығармаларында қайда апарып соғары беймәлім сандалған ой болмайды.

Қазақы тірлік қайнап жатқан орта қалыптастырған ауыл адамдарының өзгеше өмір салты, күнделікті ғұмыр ағысы түзген тарихи тұғыры, әулекі ойшылдықты жақтырмайтын, шама жетпеске арамтер болмайтын, негізінен көп сөйлемейтін, сөйлесе түбін түсіріп бетке айта алатын адал, ақжүрек, аңғалдау қалпы – Серік Асылбекұлы шығармаларының үзілмеген арқауы.

Ауыл – қазақтың бітім-болмысы қалыптасқан, құт қонған, кие дарыған тарихи мекен. Ауыл - Серік Асылбекұлының таусылмайтын жүрек әні, сарқылмас шығармашылық бастауы. Жазушының «Кешігіп қайтқан тырналар» (1981), «Оттан да ыстық өмір» (1984), «Мұғалімдер күні» (1986), «Сағыныш» (1994), «Ата жұртта» (1996), «Түнгі қаланың әні» (2005) жинақтарына енген шығармаларының дені ауыл-елдің адамы туралы. Заман ыңғайы, тіршілік қамымен қала тұрғыны болып кеткен жандардың ауық-ауық ауылды аңсап жүретіні де қағыс қалмайды. Ауыл дегенде кеудесін сағыныш бұмайтын қазақ баласы кем де кем. Аға жасына